

## **КҚХФ/ЮНЕСКО-НИҢ КӨПШІЛІК КІТАПХАНА ТУРАЛЫ МАНИФЕСІ**

### **БІЛІМГЕ ҚОЛЖЕТІЛІМДІЛІК**

Еркіндік, қоғамның, сондай-ақ жекеленген азаматтардың өркендеуі, дамуы негізге алынатын адамзат құндылықтарының санына жатқызылады. Осылардың барлығы кең ақпаратталынған азаматтарға өздерінің демократиялық құқықтарын іске асыруға және қоғамда белсенді рөл атқаруға мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жолымен ғана қол жетіледі. Азаматтардың осыған жемісті қатысуы және демократияның дамуы қанағаттандырлық білімді алудан, сондай-ақ білімге, идеяға, мәдениетке және ақпаратқа еркін және шексіз қолжетілімділіктен тәуелді келеді.

Жергілікті деңгейде білімге жол ашатын көпшілік кітапхана азаматтардың және әлеуметтік топтардың мәдени дамуының және шешімдерді дербес қабылдаудың, үздіксіз оқуды қамтамасыз етудің ажырамас шарты болып табылады.

Осы Манифест білім берудің, мәдениет пен ақпараттың күш-қуат беретін көзі, адамдар санасында бейбітшілік идеяларын және рухани жақсы тұрмысты бекітудегі маңызды құрал ретінде ЮНЕСКО-ға, көпшілік кітапханаға деген сенімді жариялайды.

Осыған байланысты ЮНЕСКО ұлттық және жергілікті үкімет органдарын көпшілік кітапханалардың дамуына қолдау көрсетуге және осындай қызметке белсенді қатысуға шақырады.

Көпшілік кітапхана пайдаланушылардың әртүрлі білімдерді меңгере алатын жергілікті ақпарат орталығы болып табылады.

Көпшілік кітапхана өз қызметтерін жас ерекшеліктерінен, нәсілінен, жынысынан, дінінен, ұлтынан, тілінен немесе әлеуметті мәртебесінен тәуелсіз барлығына қолжетілімділік теңдігі негізінде ұсынады. Айырықша қызметтер мен материалдар сол бір немесе өзге себептермен қарапайым қызметтерді және материалдарды пайдалана алмайтын абоненттерге, мәселен, тіл азшылығы өкілдеріне, мүгедектерге, стационарлы ауруларға немесе қамаудағыларға ұсынылуы тиіс.

Қорларда барлық жастағы топтардың сұраныстарына сай келетін материалдар сақталынуы тиіс. Кітапханалық қорлар мен қызметтер сәйкестенген ақпарат құралдарының барлық түрлерін, заманауи технологияларды, сондай-ақ дәстүрлі материалдарды ендіруі тиіс. Жоғары сапаны қамтамасыз ету және жергілікті сұраныстар мен жағдайларды есепке алу аса маңызға ие. Материалдар заманауи үрдістерді және қоғамның шарықтап дамуын, сондай-ақ адамзат қызметінің негізгі белестерін көрсетуі тиіс. Қорлар мен қызметтер ешқандай да идеологиялық, саяси немесе діни цензураға, сондай-ақ коммерциялық қысымға ұшырамауы керек.

### **КӨПШІЛІК КІТАПХАНАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

Көпшілік кітапхана өз қызметінде ақпаратқа, сауаттылықты, білімді және мәдениетті таратуға арналған төмендегі негізгі міндеттерді басшылыққа алуы тиіс:

1. ерте жастан бастап балаларда оқу дағдыларын қалыптастыру және дамыту;
2. жеке және дербес білім беруге. Сондай-ақ барлық сатыларда формалды білім алуға қолдау көрсету;
3. жеке тұлғаның шығармашылықпен дамытылуы үшін жағдайлар жасау;
4. балаларда және жастарда қиялдауды және шығармашыл қабілеттерді дамыту;
5. мәдени мұраға және өнер, ғылым, жаңалықтарға жетуге қызығушылықтарын көтермелеу;

6. атқарылатын өнердің барлық түрлерінің мәдени өнімдеріне қолжетілімділікті қамтамасыз ету;
7. мәдениаралық сұхбатты дамыту және мәдени әртүрлілікті
8. көтермелеу;
9. ауызша дәстүрлерді сақтау;
10. қоғамдық ақпараттың барлық түрлеріне азаматтардың қолжетілімділігін қамтамасыз ету;
11. жергілікті кәсіпорындарға, ассоциацияларға және үйірмелерге сәйкестенген ақпараттық қызметтерді көрсету;
12. компьютерлік сауаттылық дағдыларын және ақпараттарды дамытуға ықпал ету;
13. сауаттылықты уағыздау бойынша бағдарламалар және қызметке қолдауды көрсету, оларға қатысу, барлық жас ерекшеліктері топтарының ішінде қажеттілік жағдайында осындай қызметті күшейту.

### **ҚАРЖЫЛАНДЫРУ, ЗАҢ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕЛІЛЕР**

Көпшілік кітапхана өз қызметтерін ақысыз ұсынады. Көпшілік кітапхана жергілікті және ұлттық органдарға бағынады. Оның қызметі арнаулы заңмен айқындалып, ұлттық және жергілікті биліктермен қаржыландырылады. Көпшілік кітапхана қызметі мәдениет ауқымындағы кез келген ұзақ мерзімді стратегияның, ақпаратты ұсынудың, сауаттылық пен білімді таратудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекетішілік кітапханалық үйлесімді және ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін, заңнамада және стратегиялық жоспарларда кітапханалардың ұлттық желісін құруды және ұсынылған қызметтердің келісілген мөлшерлері негізінде оған қолдау көрсетуді қарастыру керек.

Көпшілік кітапханалар желісі ұлттық, аймақтық, ғылыми-зерттеу және арнаулы кітапханалар, сондай-ақ мектептердегі, колледждердегі және университеттердегі кітапханаларды ескерумен құрылуы тиіс.

### **ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ БАСҚАРУ**

Жергілікті қоғамдық сұраныстарды ескере отырып, міндеттерді, басымдықтарды, қызметтерді айқындайтын нақты саясатты қалыптастыру керек. Көпшілік кітапхана жұмысының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етіп, оны кәсіби деңгейде қолдау қажет етіледі.

Сондай-ақ сәйкестенген әріптестермен, мәселен, жергілікті, аймақтық, ұлттық, сондай-ақ пайдаланушылар топтарымен, халықаралық деңгейлердегі басқа да мамандармен ынтымақтастықты жөнге салу керек.

Қызметтер қоғамның барлық мүшелеріне жеке қолжетілімді болуы тиіс. Сондықтан кітапхананың ыңғайлы орналасқаны, кітап оқуға және дәрістерді тыңдау үшін жақсы залдарының болуы, техникалық жабдықталғаны және пайдаланушыға қолайлы уақытта жұмыс істеу мүмкіндігінің болуы жөн. Сондай-ақ кітапханаға келе алмайтын пайдаланушыларға да қызметтерін ұсынуы тиісті. Кітапхана ауылдық және қалалық жерлерде тұратын халықтың әртүрлі сұраныстарын ескере отырып, өз жұмысын құруы тиіс.

Кітапханашы пайдаланушы мен дереккөздер аралығындағы белсенді делдал болып табылады. Кітапханашының арнаулы және үздіксіз білім алуы тепе-тең қызметтерді қамтамасыз етудің ажырамас шарты болып табылады.

Пайдаланушылардың барлық дереккөздерімен пайдалануға көмек беретін оқыту бағдарламаларын жүргізу қажет.

## **МАНИФЕСТІ ОРЫНДАУ**

ЮНЕСКО ұлттық және жергілікті деңгейлердегі басшыларды, дүниежүзінің барлық елдеріндегі барлық кітапхана қызметкерлерін осы Манифестте баяндалған қағидаларды орындауға табанды түрде шақырады.

***Берілген Манифест ЮНЕСКО КҚХФ –мен бірлесе жасалынды.***

Манифест мәтінімен жиырмадан астам тілдерде КҚХФ веб - сайтында танысуға болады.

<http://www.ifla.org/VII/s8unesco/manif/htm>